


9-тарау.

Экономикалық субъектілер қаржысының жұмыс істеу негіздері



Кәсіпорын қаржысын ұйымдастырудың мәні мен принциптері және олардың елдің қаржы жүйесіндегі алатын орны

Қаржының жұмыс істеу шарты болып ақшаның болуы, ал микродеңгейде қаржының пайда болуы себебі болып шаруашылық субъектілері мен мемлекеттің өз қызметтерін қамтамасыз ететін ресурстарға деген қажеттілігі табылады.

Кәсіпорын қаржысы шаруашылық субъектісінің қаржы-шаруашылық қызметінде ақшалай қаражаттардың орталық-сыздандырылған қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалану процесінде пайда болған ақшалай қатынастар жүйесін көрсетеді.

Кәсіпорын қаржысы елдің қаржы жүйесінде ерекше орынды алады, оның негізін құрайды. Олардың көлемі мемлекеттік бюджет пен бюджеттен тыс қорларды қоса алғандағы көлемнен көп. Соңғылары 90%-ға кәсіпорын қаражаттары есебінен қалыптасады. Өзінің материалдық сипатында – бұл әрбір нақты кәсіпорында құрылатын және экономикалық даму мен жұмысшылардың әлеуметтік қажеттіліктері үшін пайдаланылатын, әртүрлі тағайындалудағы окшауланған ақшалай қорлар. Олар органикалық түрде өндірістің барлық сатылары мен өндірілген өнімді өткізумен байланысты, ол өндірістің тиімділігін қамтамасыз ете отырып, олардың осы процестерге ықпал ету мүмкіншілігін құрайды.

Кәсіпорын қаржысы негізгі және айналым капиталының ауыспалы айналымын, мемлекеттік органдармен, салық инспекциясымен, банктермен, сақтандыру компанияларымен және т.б. қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

Құрамында ақшалай қорлары бар мүлікті иеленетін біріккен кәсіпорындар қаржысы ерекше орынды алады. Қазақстандық серіктестерінің үлесіне келетін қаражаттар елдің қаржы ресурстарының құрамдас бөлігі болып табылады.

Осығын байланысты, кәсіпорын қаржысы мемлекеттің қаржы жүйесінің негізгі элементі болып табылады деген тұжырым жасауға болады. Онда ақшалай қатынастар бөлшектенеді, қаржы ресурстарын қалыптастыру және бөлумен байланысты пайда болады. Бір өндірістік циклда қажетті ресурстар тартылады (авансталанады), өндірістік процесске біріктіріледі, өндірілген өнім немесе қызмет өткізіледі, түпкілікті қаржы нәтижесі алынады. Басқару объектісі ретінде ақшалай (қаржылық), еңбек ресурстары, еңбек құралдары мен заттары қатысады.

Осылайша, кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы елдегі ақшалай қатынастардың маңызды сферасын қамтиды және материалдық игіліктер өндірісінде пайда болады. Олар кеңейтілген ұдайы өндіріс процесінің негізгі тараптарын ақшалай нысанда сипаттайды, оның экономикалық заңдар талаптарына сәйкес іске асырылуына ықпал етеді, халық шаруашылығын одан әрі дамытуға қажетті ақшалай кірістер мен жинақтарды одан әрі бөлу және пайдалану үшін қолданылады. Қаржы кәсіпорындарды жалпы мемлекеттік қаржы тәуелді болатын ресурстармен қамтамасыз ете отырып дамытады.

Нарықтық экономика қызмет сферасын, өндірілетін өнімді (жұмысты, көрсетілетін қызметті), техниканы, технологияны, еңбек ресурстарын, ұйымдастыру-құқықтық нысанды; шарт қатынастарын, баға белгілеу мүмкіндігін, бәсекелестікті, өзін-өзі қаржыландыруды, басқаруды бөлшектеуді еркін таңдаудың демократиялық негіздерінде құрылған, ол оны өмір сүруге қабілетсіз кәсіпорындардан тазалауға әкеледі. Бұл макроортаның қалыптасқан жағдайында оңтайлы болуы керек, өз ресурстарының потенциалын қалыптастыру бойынша кәсіпорынның экономикалық жауапкершілігін күшейтеді. Бұл жағдайда қаржы ресурстарын тиімді басқарудың рөлі күрт өседі. Олардың негізгі және айналым капиталына қайта құрылуының тиімділігіне кәсіпорынның кірістілігі, құрылтайшылардың дивиденді мен жұмысшылардың жалақы деңгейі тәуелді болады.

Кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы кәсіпорындардың, фирмалардың, қоғамдардың, концерндердің, ассоциациялардың, салалық министрліктер мен басқалай шаруашылық органдарының қаржыларын қамтиды.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі процесінде пайда болған ақшалай қатынастарды келесі топтарға бөлуге болады:

1. Кәсіпорынды құруда меншікті капитал болып саналатын, жарғылық капиталдың алғашқы нысанын қалыптастыру жөніндегі құрылтайшылар қатынасы. Жарғылық капитал қызметтің ұйымдастыру-құқықтық нысанына тәуелді болады.

2. Өндіріс пен жаңа құн арқылы құрылған өнімді өткізу жөніндегі контрагенттермен қатынасы. Бұл жабдықтаушылармен шикізатты төлеу, сатып алушылармен өнімді төлеу, көлік ұйымдарымен тасымалдау қызметі бойынша, байланыс кәсіпорындарымен, коммуналды қызметпен қатынас.

3. Кәсіпорынның өз бөлімшелерімен шығыстарды қаржыландыру, кіріс пен пайданы бөлу, өндірісті ұйымдастыру мен ырғақтылығын анықтайтын айналым қаражаттарын қалыптастыру жөніндегі қатынас.

4. Кәсіпорын мен оның жұмысшылары арасындағы жалақы мен сыйақы төлеу, жеке кіріс салығын төлеу, тапшылықты, материалдық зиянды өндіріп алу және т.б. жөніндегі қатынасы.

5. Кәсіпорын мен ол шығарған акциялар мен облигацияларды сатып алушылар арасындағы, оларға дивиденд пен пайыз төлеу жөніндегі қатынас.

6. Кәсіпорын мен жоғары тұрған ұйым арасындағы қатынас, соңғысының құрамына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, көрмелерді ұйымдастыру мен қайтарымды негізде қаржылық көмек көрсету, белгілі тағайындалған жобаларды қаржыландыру үшін орталықтандырылған ақшалай қорлар мен резервтерді қалыптастыру, бөлу және пайдалану жөніндегі қатынастар енеді. Бұл қатынастар қаражаттарды кәсіпорынды дамыту үшін ұйым немесе сала, ведомство ішінде қайта бөлумен байланысты.

7. Кәсіпорындар арасындағы бағалы қағаздар эмиссиясы мен оларды орналастыру, бір-бірін несиелеу, біріккен кәсіпорындарды құруға үлесті қатысу жөніндегі қатынастар.

8. Кәсіпорындар мен мемлекеттің бюджет жүйесі арасындағы бюджетке салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу, бюджеттен тыс қорларға аударымдар, салық жеңілдіктерін беру, бюджеттен субсидиялар, субвенциялар, дотациялар нысанында қаржыландыру жөніндегі қатынастар.

9. Банктермен есеп айырысу және валюталық шот ашу, онда ақшаны сақтау, несиені алу және өтеу, несиеге пайыз төлеу, ақша аударымдары, шетелдік валютаны сатып алу және сату, өзге қаланың жабдықтаушыларына аккредитив ашу және т.б. жөніндегі қатынастар.

10. Кәсіпорынның сақтандыру компанияларымен кәсіпорын мүлкін, кәсіпкерлік тәуекелді, сонымен қатар жұмысшылардың жекелеген категорияларын немесе кәсіпорынның тұтынушылық қызметін (мысалы, авияжелі, теңіз саяхаттары жолаушылары, салық инспекциясы жұмысшыларын және т.б.) сақтандыру жөніндегі қатынастар.

11. Кәсіпорынның инвестициялық институттармен инвестицияларды орналастыру, мемлекеттік мүлікті жекешелендіру және т.б. жөніндегі қатынастары.

12. Жарнама агенттіліктерінің кәсіпорын өнімін немесе қызметін жарнамалау жөніндегі қатынасы.

13. Аудиторлық фирмалармен кәсіпорынның қаржылық есептілігінің қаржы заңнамасына сәйкестігін анықтау мақсатында, кәсіпорынның қаржылық есептілігін ерікті аудиттеу, қателіктерді анықтау мен кәсіпорында есеп жұмыстарын жақсарту үшін ұсыныстарды жасау жөніндегі қатынастар.

Қатынастардың барлық топтары микро және макро ортада көрініс табатын, өндірістік қатынастардың айрықша элементі болып табылады. Олар өз тәртіптері мен ерекшеліктеріне, өз сфераларына ие. Олардың барлығын олардың ақшалай (қаржылық) нысанда болуы біріктіреді, оларда міндетті түрде ақшалай қаражаттардың субъектіден субъектіге қозғалысы орын алады. Бұл ақша ағыны кәсіпорынның меншікті (жарғылық, негізгі, айналым) және қарыз капиталын аванстау, төлеу, ссуда алу және т.б. арқылы қалыптастырады. Кәсіпорынның айналым капиталы ақшалай қаражаттардан басталып, ақшалай қаражаттармен аяқталады, ал-

дымен капитал өз нысанын ақшалай нысанынан тауарлығы (еңбек заты мен еңбек құралы, жұмыс күші сатып алынады), соңынан - өндірістікке (аяқталмаған өндіріс), соңынан қайтадан тауарлы (құрылған өнім немесе көрсетілген қызмет), ақырынды өнімді өткізу кезінде ақшалай нысанға ауыстырады.

Материалдық өндіріс сферасында жиынтық қоғамдық өнім құрылады, соңынан бөлінеді, материалдық емес сферада оның одан әрі қайта бөлінуі жүргізіледі.

Салықтың негізгі төлеушілері немесе салық агенттері болып заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер табылады, сондықтан кез келген меншіктің нысаны мен ұйымдастыру-құқықтық нысандағы кәсіпорын қаржысы кез келген мемлекеттің қаржы жүйесінің негізі болып табылады. Осы жағдайға байланысты экономикалық субъектілер өз қызметінің мемлекет тарапынан ұсынылатын құқықтық және экономикалық тең жағдайға есептеуге құқылы. Бұл ең алдымен барлық елдерде мемлекеттің көмегіне мұқтаж ауыл шаруашылығы саласына қатысты.

Кәсіпорын қаржысы осы қоғамдық-экономикалық формацияға тән белгілі принциптер бойынша ұйымдастыруды талап етеді.

Әлемнің көптеген елдерінде экономиканың нарықтық типі ең демократикалық және тиімдісі ретінде қалыптасты. Олардың негізгі принциптерін атап, оларға мінездеме береміз.

1. Дербес шаруашылық бірлік принципі, өз құрылтайшылары мен өзге кәсіпорындардан оқшаулану. Бұл принцип салық салудың мемлекеттік органдарда ресми түрде тіркелген және тіркеу туралы куәлікке ие, «жеке кәсіпкер» немесе «заңды тұлға» категориясы ретіндегі түсініктері арқылы іске асырылады.

2. Шаруашылық қызметтің нәтижесіне материалдық жауапкершілік принципі, ол бір жағынан алынған пайда көлемінде, ал екінші жағынан жасалынған келісім шартқа сәйкес контрагентке келтірілген материалдық зиянды өтеу қажеттілігінен көрінеді.

Барлық жағдайларда сөз құрылтайшылар, жұмысшылар, контрагенттер, мемлекет алуы керек ақшалай сипаттағы кіріс көлемі туралы болады. Кәсіпорынның нашар жұмыс істеуі мен өндірістік немесе төлем пәнін бұзушылыққа жол берген кезде кәсіпорында есеп айырысатын нәрсе болмайды.

3. Басқаруды бөлшектеу принципі, оның мәні кәсіпорынның бизнес жоспарды тапсырыстар қоржынына сәйкес дербес әзірлеуінде, ол ешкіммен бекітілмейді, жыл сайын жекелеген параметрлердің өзгеруіне байланысты қайта қарастырылады.

Бизнес жоспарда қызмет түрлері бойынша кірістер мен шығыстардың ақша ағыны көрсетілген қаржылық жоспар, бес жылдық кезеңге пайда мен тиімділіктің барлық түрлерінің көрсеткіштері болады. Бір қалыптылықтың бұл принципі кәсіпорынның қаржылық қызметінің алдын ала оның параметрлерін өндіріс мақсаты мен тапсырмаларына, оларға қол жеткізудің межелеген істеріне, бір ізділігі мен мерзіміне байланысты есептеу жолымен қарастырылатындығын білдіреді. Кәсіпорындарда қаржылық жоспарлар мен болжамдар жасалынады, нарықтық экономика жағдайында олар өнімге деген сұранысты зерттеу негізінде жыл сайынғы түзетумен 5 жылдық мерзімге жасалынады.

4. Қаржылық резервтерді қалыптастыру қажеттілігі принципі. Ол нарықтық ортаның анықсыздығына, қаржылық нәтиженің кездейсоқтылығына, нарықтық конъюнктураның өзгеруіне шарттасылған. Оны сақтау кәсіпорынның кәсіпкерлік тәуекелдің мүмкін типтері жағдайында қаржылық тұрақтылықты сақтай отырып, өзіне сенімді серіктестің жақсы ағағын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл кәсіпорын қаржысын ұйымдастырудың негізгі принциптерінің бірі, өйткені басқарудың барлық деңгейлерінде қаржы резервтерінің (резервтік қор, тәуекел қоры) болуы нарықтық экономикадағы керек жағдай.

Қаржылық резервтер уақытша қаржылық қиыншылықтарды жоюға және кәсіпорын қызметін қалыпты жағдайлармен қамтамасыз етуге арналған. Оларды әртүрлі тәсілдермен құрайды, олар өндірістік және әлеуметтік даму қорлары шамасына пайызда, пайда немесе кірістерден норматив бойынша есептеледі.

5. Қаржы пәнін сақтау қажеттілігі принципі (несиені өтеу және несиені өтеу графигіне сәйкес олар бойынша пайыз төлеу) және тартылған қаражаттар (кредиторлық қарыз бойынша – еңбекақы төлеу, салықтар және т.б.) бойынша барлық қаржылық міндеттемелердің уақытылы төленуін білдіреді.

Қаржы пәнінің принциптері төмендегілерде іске асырылады:

- ұжымдық келісім шарт пен жеке еңбек келісім шартында сипатталған мерзімінде жалақыны төлеуде,;
- банктермен несие шартында;
- нақтысыз есеп айырысу нысанына сәйкес контрагенттерімен шарттарда;

Салық кодексінде бюджетке салықтар және басқалай міндетті төлемдер бойынша.

6. Өзін-өзі қаржыландыру принципі кәсіпорынның өз шығындарын өздерінің кірістерімен жабуы керек екендігін білдіреді. Бұл принцип сметалық-бюджеттік қаржыландырудағы кәсіпорындарға қатысты емес, бірақ олардың шығыстары смета бойынша жоспарланған кірістер сомасын сәйкес келуі керек.

Өзін-өзі қаржыландыру принципі – кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық-қаржылық қызметін жүргізудің негізін қалаушы принцип және басты әдісі. Оны коммерциялық есеп айырысу деп атайды.

Өзін-өзі өтеу мен өзін-өзі қаржыландыру коммерциялық есеп айырысудың басты белгілері, қаржының дамуы капиталдың өсуіне мүмкіндік беретін нормативті пайдалана алуды қарастырады.

7. Кәсіпорын мүлкін (көздер, пассивтер) меншікті, қарыз және тартылған қаражаттарға өтеу қаражаттарын бөлу принципі.

Меншіктіге жарғылық капитал, үстеме капитал, резервтік капитал, пайдадан құрылған қорлар, бөлінбеген пайда, қарыз қаражаттарына – қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несие, тартылған кредиторлық қарыздар жағады.


Қарыз және тартылған қаражаттар міндеттемелерді құрайды (7-сурет).

8. Негізгі, инвестициялық және қаржылық қызметтерді бөлу принципі. Ол әрбір қызмет түрі бойынша кірістер түріндегі ақша түсімі мен шығыстар түріндегі ақшаның жылысталуын ерекшелуге қолданылады. Сонымен бірге әдістемелік жағынан да маңызы зор: кірістердің қандай түрлерін және шығыстардың қандай түрлерін қай қызметке жатқызу керек.


Біз қаржылық есептіліктегі «Ақша қозғалысы туралы есеп» құжаты қызмет түрлері бойынша кірістері мен шығыстардың

баптарын, әдістемелік тұрғыдан, дұрыс орналастырылмаған деп есептейміз және 8-суретте сипатталған өз жіктемемізді ұсынамыз.

Суреттен көріп отырғанымыздай біз кірістер мен шығыстарды қызмет түрлері бойынша бөлдік.



7-сурет. Кәсіпорын мүлкін (активтерін) өтеу көздері құрылымының сызбасы
Ескерту: автормен құрастырылған



8-сурет. Кәсіпорын қызметі түрлеріне кірістер мен шығыстарды бекіту сызбасы
Ескерту: автормен құрастырылған.

9. Меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың теңдігі принципі. Ол мемлекет кепілдемесі, қатынастардың тұрақтылығы мен меншіктің әртүрлі нысанын дамыту негізінде іске асырылады. Соңғысына келесілер жатады: мемлекеттік, жеке, шетелдік мемлекеттердің және олардың заңды тұлғалары мен азаматтары, халықаралық ұйымдар. Барлық кәсіпорындар өздерінің коммерциялық қызметтерін мемлекет заңдары шеңберінде іске асыра отырып, әрекеттегі Салық кодексіне сәйкес міндетті төлемдер мен салықтарды төлеуде тең болады.

10. Кәсіпорын өніміне немесе қызметіне баға белгілеу еркіндігі принципі, ол олардың сапасының өсуінде кірістерді реттеуге мүмкіндік береді.

11. Бәсекелестік принципі, өнімнің жоғары сапасымен, саудан кейінгі қызметпен, төменгі бағамен сатып алушылардың үлкен санын тартуға және нарықтың үлкен үлесін жаулап алу үшін кірістер көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.


Көріп отырғанымыздай кәсіпорындар қаржысы өндіріс мақсаттары мен тапсырмаларының жалпылығы мен оны дамытудың жалпы экономикалық заңдылығымен шарттасылған бірдей принциптерге негізделеді. Олардың өз мәні бар, функциялар кешенін атқарады.

Комерциалық типтегі және әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорын қаржысы – әртүрлі фирмалардың, концерндердің, акционерлік қоғамдардың, компаниялардың, ассоциациялардың материалдық өндіріс сферасында жан-жақты қызметті іске асыратын халық шаруашылығының барлық салаларының қаржыларының жиынтығы.

Кәсіпорын қаржысының мәні құн қозғалысын сипаттайтын ішкі мазмұн болып табылады. Құрылған құн жаңа ақша қорларының құрамына өтеді.

Кәсіпорын қаржысы келесі функцияларды атқарады:

- 1) ұдайы өндіріс – өндірісті жандандыру үшін құн құрылады;
- 2) бөлу – мемлекет пен басқалай қатысушылар алдындағы қаржылық міндеттемелерді орындау үшін әртүрлі ақшалай қорлар құрылады;
- 3) бақылау – ақшалай қорларды қалыптастыру, бөлу және пайдаланудың есебі мен бақылауы іске асырылады.



Әртүрлі ұйымдастыру – құқықтық нысандарының қаржысын ұйымдастыру ерекшелігі

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі ұйымдастыру-құқықтық нысан түсінігін ашады, елдегі әрекеттегі ұйымдастыру-құқықтық нысандар тізімін қамтиды және оларға мінездеме береді. Онда құрылтайшылар мүлігінен бөлінген, меншік құқығында, шаруашылықты жүргізу немесе жедел басқару құқығында оқшауландырылған мүлкі бар ұйым заңды тұлға болып табылады. Олар соғта құрылтайшы атауымен сәйкес келетіндей өз атынан шағымданушы немесе жауап беру ретінде қатысатын, баланс немесе сметаға, мөрге ие.

Заңды тұлға келесі принциптерге сәйкес қызмет етеді:

Басқарушының бірлігі – өндірістік дауларда ақыры шешім қабылдайтын, соңғы инстанция болып басшы табылатын дара басшылық принципі;

Өнім өндірісі бойынша технологиялық желісіне мамандандырылған қондырғылар жинақталатын техника-технологиялық бірлік;

Заңды тұлғаның жиынтық құжатында кәсіпорынның барлық бөлімшелері туралы ақпарат толығымен қамтылатын, ұйымдастырушылық бірлік, онда бірде біреуі басқару объектісі ретінде назардан тыс қалмайды;

Әділет органдарында тіркеліп, кәсіпорынды мемлекеттік реестрге қосу және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік алу;

Кәсіпорын өз атынан материалдық және материалдық емес мүлікті, мүліктік емес құқықты сатып алуға құқылы.

Заңды тұлғалардың екі типін ерекшелейді:

Пайда алу үшін құрылатын және пайданы құрылтайшылар арасында бөлетін коммерциялық ұйымдар.

Коммерциялық емес ұйымдар, пайда алуды мақсат етпейді және оны құрылтайшылар арасында бөлмейді.

Қазақстан Республикасында әрекеттегі заңнамаға сәйкес, мемлекеттік республикалық, мемлекеттік аймақтық (муниципал-

ды), жеке меншік, жеке ұжымдық, шетелдік, аралас меншіктегі, сонымен қатар қоғамдық ұйымдар меншігіндегі кәсіпорындар құрылады және қызмет етеді. Аралас меншік бірікен кәсіпорынға меншіктің екі және одан көп түрін білдіреді. Мүлікті бірдей үлестік бөлуімен немесе үлесті бөлмеумен бірнеше тұлға жатуы мүмкін. Меншік құқығының жиынтығы иелену, пайдалану құқығы, экономикалық жауапкершілік түрінде іске асырылады. Үлесті және біріккен меншікке қатысушылар өз үлестерін анықтауға құқылы.

Заңды негізінде дами отырып, меншіктің әртүрлі нысынындағы кәсіпорындар қаржы категориясына тікелей қатысты болып табылады, өйткені олардың барлығы ақшалай қорларды құрайды, кіріс алады.

Әртүрлі кәсіпорындар мен ұйымдардың құрылтайшылары мен қатысушылары өз жарналарын ақшалай қаражаттар, мүліктің әртүрлі түрлері (ғимараттар, қондырғылар, үймәреттер және т.б.), мүліктік құқық (жерді, табиғи ресурстарды, мүлікті, интеллектуалды мүлікті пайдалану құқығы) түрінде іске асырады.

Заңды тұлға болып табылмайтын, жеке кәсіпорынның мүлкі (жәй серіктестік) азаматпен немесе тұлғалар тобымен (туысқандар, серіктестер) сатып алынуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдің аумағына кәсіпорындардың келесі түрлері, әрекет етуі мүмкін:

- серіктестік, құрылтайшылардың қатысуы міндетті болады;
- капиталдың бірігуі ретіндегі қоғам;
- қарапайым азаматтардың еңбекпен қатысуы нысанындағы кооперативтер;
- мемлекеттік кәсіпорындар.

Шаруашылық серіктестігі – бұл өз қызметінің негізгі мақсаты пайда алу болатын, жарғылық капиталы құрылтайшылардың салымдарына бөлінген заңды тұлға болып табылатын, коммерциялық ұйым деп заңнамамен анықталған.

Шаруашылық серіктестіктерінің келесі нысандары белгіленген:

- толық;
- жәй;
- командитті серіктестік ;

- жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- қосымша жауапкершілікті серіктестік.

Толық шаруашылық серіктестіктері кем дегенде екі толық серіктестіктен тұрады. Командитті серіктестік кем дегенде бір толық серіктестік пен бір салымшыдан тұрады. Толық серіктестіктер жауапкершілікті өздерінің барлық мүлкімен, ал салымшылар тек қана өздерінің салымдарымен алады. Серіктестікті тарату кезінде салымшылар толық серіктестерге қарағанда салымдарын алуға артықшылықты құқыққа ие.

Кәсіпорының ұйымдастыру-құқықтық нысанын құру сұрақтары шаруашылық және корпоративтік құқыққа жатады, Азаматтық кодекс пен бір қатар заңдарда сипатталады: мемлекеттік кәсіпорындар туралы, шаруашылық серіктестіктері туралы, өндірістік кооперативтер туралы, акционерлік қоғамдар туралы, кәсіпкерлік қызмет еркіндігінің мемлекеттік кепілдемесін іске асыру бойынша қосымшалар туралы, жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы, шегелдік инвестициялар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы және т.б. заңдар.

Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерліктің құқықтық негізі болып ҚР Азаматтық кодексі, «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» заң 4.06.92 ж. өзгерістермен, «Лицензиялау туралы» жарлығы 17.04.95ж. өзгерістермен; Салық кодексі, үкімет, министрлерліктер мен ведомствалар актілері табылады.

Кәсіпкерлік деп азаматтар мен заңды тұлғалардың меншік нысанына тәуелсіз, өз қорқынышы мен тәуекеліне және өзінің мүліктік жауапкершілігінде іске асырылатын, тауарлар мен қызметтерге деген сұранысты қанағаттандыру жолымен пайда немесе жеке кіріс алуға бағытталған, ынталы қызметі түсініледі. Бұл кәсіпкер ретінде кәсіпорын құрылтайшылары емес, жеке тұлға немесе заңды тұлға қатысатынын білдіреді.

Шаруашылық серіктестігінде мемлекеттің үлесі 100% -ды құрайтын жағдайлар кездеседі, бірақ ол мемлекеттік емес және жеке меншікке негізделген.

Республиканың экономикасында коммерциялық заңды тұлғалардың үлесі жоғары. Ұйымдастыру-құқықтық нысандар

құрылымда шаруашылық серіктестіктер 95%-ға, өндірістік кооперативтер – 2%-ға, мемлекеттік кәсіпорында 3%-ға жуық үлесті алады, ал командитті серіктестіктер өте сирек кездеседі.


Оқшауландырылған мүлікке ие, сотта өз атынан шағымданушы немесе жауап беруші ретінде қатысатын, балансы да, мөрі де жоқ, құжаттарға өз төлқұжатының нөмірімен қол қоятын, салық инспекциясында тіркеу кезінде жеке кәсіпкер куәлігін алған (әділет басқармасында тіркеу керек емес) жеке тұлға жеке кәсіпкер (ЖК) болып табылады. Жеке кәсіпкер өз кәсіпорнының қарызы бойынша толық ынтымақты жауапкершілікке ие болады.

ЖК тіркеу салық инспекциясынан патентті сатып алу арқылы жүргізіледі. Патент, сонымен қатар азаматтың кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәлік және патентпен қарастырылған қызметті іске асыруға құқық беретін лицензия болып табылады.

ЖК салық салу Салық кодексіне сәйкес іске асырылады, оларға заңды тұлға болмаса да, заңды тұлғалар үшін қарастырылған тәртіптер қарастырылады. Жеке кәсіпкерлік жоғары тәуекелі жоқ сфераларда ұсынылады. Оларға кішігірім өндіріс пен қызмет көрсету сферасындағы кіші бизнестің маңызды санын жатқызуға болады, олар: үлкен жүнді аңдарды өсіру мен бас киімдерді тігу, аяқ киім жөндеу, киім мен пәтер жөндеу, тұрмыстық техникаға қызмет көрсету, суретке түсіру облысындағы қызмет, гүлдерді өсіру мен сату, бөлшекті тасымалдау, автомобильдерді жөндеу, кафелер мен шаштараздарды ұстау және т.б.

Банктік қызметте жеке кәсіпкерлікке рұхсат берілмейді. Жеке кәсіпкер өз мәртебесін банкрот деп танылған кезде жоғалтады.

9-суретте кәсіпорындардың ұйымдастыру-құқықтық нысандар жіктелесінің сызбасы сипатталған.



9-сурет. Кәсіпорындардың ұйымдастыру-құқықтық нысандары бойынша жіктелу сызбасы
Ескерту: автормен құрастырылған.

Біріккен қызмет туралы келісім шарт негізінде пайда болған жәй серіктестік заңды тұлға болмауы мүмкін. Сонымен бірге біріккен мүлік үлесті меншік болып табылады. Оларға азаматтар да, заңды тұлғалар да қатыса алады, олар жәй серіктестік міндеттемесі бойынша ынтымақты жауапты болады. Жай серіктестіктің мүлікке құқығы болмайды, өз атынан мәмілелер жасай алмайды, сотта шағымданушы және жауап беруші бола алмайды, жеке балансы мен мөрі болмайды және т.б

Басшылықты, қалған қатысушылар берген сенім хат негізінде жеке тұлға – кәсіпкер іске асырады. Жалпы мүлік қатысушылардың

ақшалай немесе мүліктік жарналардан немесе еңбек салымы жолымен құрылады. Шығындар келісім шартқа сәйкес серіктестіктің мүлкі есебінен, ал жетіспеген сома қатысушылар арасында осы мүліктегі үлестеріне сәйкес бөлінеді. Серіктестікке қатысушылар серіктестік міндеттемелері бойынша ынтымақты жауапты болады.

Жай серіктестік заңды тұлға болмағандықтан, серіктестердің біріккен қызметі нәтижесінде құрылған немесе сатып алынған мүлік үлесті меншік болып табылады, бірақ өз үлестерін қалған қатысушылардың келісімінсіз иеленуге құқылы емес. Жай серіктестікке қатысушылардың кірісі қатысушылар арасында бөлінеді және салық салу субъектісі болып табылмағандықтан, олардың әрқайсысына салық салынады.

Жай серіктестіктің жеке түрі – консорциум. Бұл заңды тұлғалардың уақытша ерікті бірігуі.

Шаруашылық серіктестіктерінің, қоғамдарының, кооперативтерінің жалпы мінездемесі 3-ші кестеде сипатталған.

Жеке тұлға тек бір толық серіктестікке қатысушы бола алады.

Шаруашылық серіктестікке қатысушылар істі басқаруға қатысуға, ақпараттар алуға, пайданы бөлуге қатысуға, шығу кезінде мүліктегі үлесін алуға құқылы. Акционерлер АҚ еркін шығуға құқылы емес, осыған сәйкес мүліктегі үлеске де құқысыз. Командитті серіктестік салымшылары мен артықшылықты акция иелерінің дауыс құқығы жоқ. Құрылтайшылық құжаттардың талаптарын сақтау, жарғылық капиталға салымдар салу, коммерциялық құпияны жарияламау қатысушылардың міндеті болып табылады.

Жеке тұлға қаза болғанда немесе қатысушы заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру орын алған жағдайда, оның үлесі мұрагерге өтеді. Серіктестіктен бір тарапты мәміледегідей шығу кезінде құрылтайшыға мүлік бөлігінің құны, оның жарғылық капиталдағы үлесіне сәйкес түрде төленеді.

Қатысушыны ол келтірген зиянды дәлелдей отырып сот шешімімен сонымен қатар, жарғылық капиталға жарнаны толық салмау себебінен шығару мүмкін.

3-кесте. Негізгі ұйымдастыру-құқықтық нысандардың жалпы сипаттамасы

Шаруашылық серіктестерінің нысаны	Қатысушылар мәртебесі	Қатысушылар саны	Ең төменгі ЖҚ	Қалыптастыру тәртібі	Ерекшеліктері
1	2	3	4	5	6
Толық серіктестік	Тек қана жеке тұлғалар	Екеуден кем емес	25 АЕК	Құрылтайшылық құжаттарға сәйкес	Әрбір қатысушының бір дауысы, тарату кезінде ынтымақты жауапкершілігі бар
Коммандитті серіктестік	Толық серіктестер – жеке тұлғалар, салымшылар – жеке және заңды тұлғалар	Бір толық пен бір салымшыдан кем емес	100АЕК	Құрылтайшылық құжаттарға сәйкес	Салымшылардың үлесі 50% аса емес, салымшылар басқаруға қатыспайды
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік	Жеке және заңды тұлғалар, бір тұлғадан тұратын басқа ШС жалғыз қатысушы бола алмайды	1-ден 30-ға дейін	100АЕК	Тіркеу кезінде 25%, қалған бөлігі жыл ішінде	Әрбір қатысушының дауысы үлеске пропорционалды
Қосымша жауапкершілікті серіктестік	Жеке және заңды тұлғалар, бір тұлғадан тұратын басқа ШС жалғыз қатысушы бола алмайды	1-ден 30-ға дейін	100АЕК	Тіркеу кезінде 25%, қалған бөлігі жыл ішінде	Әрбір қатысушының дауысы үлеске пропорционалды
Акционерлік қоғам	Жеке және заңды тұлғалар, бір тұлғадан тұратын басқа ШС жалғыз қатысушы бола алмайды	Б і р е у д е н , ш е к с і з	50000АЕК	Тіркеу кезінде 50%, қалған бөлігі жыл ішінде	Артықшылық акциялар жарғылық капиталдың 25% аспайды, бас-талқы эмиссия акциялары құрылтайшылар арасында ғана, бір акция – бір дауыс
Өндірістік кооператив	Жеке және заңды тұлғалар	Екі мүшеден кем емес	Ең төменгі символық ақша сомасы	Тіркеу кезінде 100%	Әрбір қатысушыда бір дауыс, міндетті түрде еңбекке қатысу
Қарапайым серіктестік	Серіктестер, жеке немесе заңды тұлғалар	Екі мүшеден кем емес	шектеусіз	Құрылтайшылық құжаттарға сәйкес	Әрбір қатысушының бір дауысы, тарату кезінде ынтымақты жауапкершілігі бар
Мемлекеттік кәсіпорын	Мемлекет		10000АЕК	Тіркеу кезінде мемлекет 100% бөледі	Мүлкі бөлінбейді.

Өз үлесінен шегіну бір және келесі қатысушылар арасындағы шартты көрсетеді және толық серіктестікте тек қана қалған қатысушылардың келісімі болғанда, ал коммандитті серіктестікте тек толық серіктестіктердің келісім жағдайында іске асады. Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктерде бұл үлесті ең алдымен қалған қатысушыларға ұсыну қажет.

Жауапкершілікке қатысушылар, олар енгеннен кейін және серіктестік таратылғаннан кейін, екі жыл ішінде пайда болған қарыздар бойынша жауап береді. Егер де бір қатысушы қалатын болса, толық серіктестіктерге жаңасын қабылдап, салымшылармен шарт жасауға, толық серіктестікті (ТС) жауапкершілігі шектеулі серіктестікке (ЖШС), коммандитті серіктестікке (КС) қайта құруға, толық серіктестікті алты ай мерзімінде таратуға болады. Коммандитті серіктестік толық серіктестікке, акционерлік қоғамға (АҚ) қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін. Коммандитті серіктестікті таратуда салымшыларға өз жарналары қайтарылып береді, ал қалған мүлік толық серіктестер арасында, салымдарына сәйкес бөлінеді. Толық және коммандитті серіктестіктен бөлек шаруашылық серіктестіктері бір тұлға арқылы құрылуы мүмкін. Тек қана азаматтар толық серіктестіктердің қатысушысы мен толық серіктес бола алады.

Егер де салымды бағалау көтеріңкі болса, онда құрылтайшылар осындай бағалау кезінен бастап 5 жыл бойы кредиторлар алдында жарғылық капиталға салынған жарнаның көтермеленген бағалау сомасы шеңберінде ынтымақты жауапты болады.

ЖШС салымдарды толығымен салмаған қатысушылар серіктестік міндеттемелері бойынша салымның төленбеген бөлігі шеңберінде ынтымақты жауапты болады және оған ҚР ҰБ қайта қаржыландыру ставкасы бойынша пайыз төлейді.

ҚЖС қатысушылары оның міндеттемелері бойынша жарғылық капиталға салымы шеңберінде жауап береді, ал ол жеткіліксіз болғанда оларға қосымша иелігіндегі мүлікпен салымға еселенген мөлшерден кем емес.

Мысал қарастырайық, егерде үш қатысушының біріншісі жауапкершілікті ала алмаса, қосымша жауапкершілік қалған екі қатысушы арасында бөлінеді.

Қатысушылар үлесі келесідей деп есептейік:

1-ші қатысушы -20%(600 000тг)

2-ші қатысушы - 30%(900 000тг)

3-ші қатысушы -50%(1 500 000тг)

Екі еселенген мөлшердегі субсидиярлы жауапкершілік келесідей болады :

2-ші қатысушыға-(600 000тг x 2) x 0,3 x (100%:80%) = 450 000тг

3-ші қатысушыға-(600 000тг x 2) x 0,5 x (100%:80%) = 750 000тг

Мүлікті жарғылық капиталға бере отырып, қатысушы оған деген меншік құқығынан айырылады, тек қана қатысушылардың біріккен мүлік құнының бөлігіне құқығын сақтайды. Жарғылық капитал бастапқы капитал болып табылады және кепілдеме функциясына ие. Кез келген қаржы жылының аяқталуында ЖШС, ҚЖС және АҚ таза активтерінің құны (активтердің жалпы шамасы мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық) жарғылық капитал шамасынан төмен болмауы керек. Керісінше болған жағдайда жарғылық капиталдың төмендеуін қайта тіркеу қорқынышы туындайды.

Егер де жарғылық капитал мөлшері азайса, ЖШС пен ҚЖС қатысушылары қосымша жарна салуға міндетті, басқаша жағдайда серіктестік таратуға жатады. АҚ үшін бұл шарт қатаңырақ: егер де таза активтер құны жарияланған капиталдан аз болса ол таратуға жатады.

Барлық шаруашылық серіктестіктері салымдарын (ақшадан басқа) бағалау үшін тәуелсіз бағалаушылар мен аудиторларды шақыруы қажет. Жарғылық капиталдағы әрбір қатысушының үлесі белгіленеді, өйткені ол белгілі функцияны атқарады. Себебі оның шеңберінде қатысушылар шығындар тәуекелін алады.

Қосымша жауапкершілікті серіктестіктерде серіктестер кәсіпорын қарызы бойынша өздерінің салымдар құнына сәйкес ынталы жауапкершілікті алады. ҚЖС қатысушысының жауапкершілігі субсидиярлы болса да, ең жоғарғы шекпен шектелген.

Толық серіктестіктің, сонымен қатар командитті серіктестіктің кірістері мен шығындары, қатысушылар арасында егер де құрылтайшылық шартта немесе қатысушылардың келісінде

басқа жағдайлар қарастырылмаса, серіктестіктің жарғылық қорына салған салымдар мөлшеріне сәйкес бөлінеді.

Ынтымақты жауапкершілік толық серіктестік пен командитті серіктестікте толық серіктестер үшін құқықтық актілермен беріледі. Олар серіктестік қызметіне қатысады, басқарады, яғни оның органикалық бөлігі болып табылады және одан бөлінбейді.

Субсидиярлы жауапкершілік серіктестік қызметке қатыспайтын, шектеулік жауапкершілікте болатын, бірақ қайсібір себептермен кәсіпорынның банкроттығының кінәлі болуы мүмкін құрылтайшылар үшін белгіленеді.

Шаруашылық қоғамдар келесі түрлерде болуы мүмкін:

- акционерлік қоғамдар;
- жауапкершілік шектеулі қоғамдар.

АҚ ұйымдастыруда жарғылық капитал акциялардың белгілі санына бөлінеді, акционерлер шығынды өздерінің акциялары шеңберінде алады.

АҚ нормативті базасы – ҚР Азаматтық кодексі (85-93 баптар), ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы №451-ІІ=13.05.2003ж

Тіркеу кезінде жарғылық капитал тіркелгеннен күннен кейін 30 күн ішінде 100% шеңберінде қалыптасады.

ҚР Ұлттық банкіне капиталдың теріс мөлшерінде банктердің акционерлерінің акцияларын ықтиярынсыз сатып алуды іске асыру құқығы берілген. АҚ қатысушыларында шығу құқығы жоқ және шығарып тасталуы мүмкін емес. Егер де заңды тұлға банкрот және бір мезгілде серіктестің қатысушысы болса, онда оның үлесі ерекшеленеді және ол серіктестікті тарату кезінде жалпы конкурсты массаға қосылады. АҚ акциялары шектеусіз сатылады.

Қаржы қатынастарының АҚ қатысты белгілі ерекшелігі, олардың акцияларын өндірістік және коммерциялық қажеттіліктерді қаржыландыру құралы ретінде пайдаланудан көрінеді .

Таза кіріс (салықты төлегеннен кейін) қоғам иелігінде қалады және акционерлер арасында дивиденд түрінде бөлінеді, резервтерге, өндірісті дамытуға немесе қоғам жиналысының шешімімен қарастырылған басқа мақсаттарға аударылады.

Акционерлік қоғам жарғылық қордың 25% кем емес мөлшерде резервтік қорды құруға міндетті.

Акционерлік қоғам екі жағдайда жай акциялар бойынша дивиденд төлеуге құқықсыз:

- қоғамның теріс меншікті капиталында;
- егер де қоғам төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе.

Қоғам жарғыға сәйкес салықтарды төлегеннен кейінгі кірістің белгілі пайызын қызметкерлер арасында бөлу үшін, оның ішінде ақшалай сыйақы немесе акциялар түрінде беруге бөледі. Дивидендтер акциялармен (кірісті капитализациялау) облигациялармен, тауарлармен төлене алады, егер де бұл жарғымен қарастырылса.

Меншіктің акционерлік нысаны әлемдік тәжірибеде жалпылай қабылданған болып табылады. Ол ұсақ меншік иелерін, акция ұстаушыларын кәсіпорын қаражаттарын қалыптастыруға таратады, қаржы ресурстарының қызметтің ең басым сфераларына құйылуына мүмкіндік береді. Бұл қаражаттардың жеке иелері қол жеткізе алмайтын, ірі кәсіпорындарды құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бір кәсіпорынның келесісінің қызметіне, оның акцияларын сатып алу жолымен қатысу мүмкіндігі АҚ артықшылығы болып табылады.

АҚ басқа ұйымдастыру құқықтық нысан негізінде құрылған субъектілермен салыстырғанда тұрақтырақ болады. Бұған мысал, тұрақтырақ кірістілікті қамтамасыз етуге және болашақта кірістің маңызды өсуіне бағытталған, қосымша күрделі салымдарды іске асыру немесе нарықты жаулап алу мақсатында, кірісті қоғамның қалыптасу мүддесіне бөлуден уақытша бас тарту есебінен қол жеткізіледі.

Артықшылықты акциялар иелеріне пайданың бөлігін, шарушылық қызмет нәтижесіне қарамастан, кепілдендірілген дивиденд нысанында алуға құқық береді, бірақ олардың дауыс құқығы жоқ. Жәй акция иелері дивидендті ағымды жылдың пайдасы болғанда ғана және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлегеннен кейін ғана алуға құқылы. Олар қоғам ісін басқаруда дауыс құқығына ие. Барлық шешімдер акционерлер жиналысында қабылданады, дауысты акциялардың жалпы саны-100%, сондықтан дауыстар саны мен акциялар саны сәйкес келмейді.

АҚ капиталдарды біріктіру, заңды тұлғаның классикалық нысаны болып табылады. Онда қатысушы тұлғасы мәнге ие болмайды, сондықтан АҚ-ға қатысушылардың саны мен құрамына шектеу жоқ, бірақ жариялық есептілік міндетті болып есептеледі. Акцияға ашық жазылу тек қана қосымша эмиссия болғанда ғана мүмкін.

Өндірістік кооператив (ӨК) - бұл азаматтардың жеке еңбекке қатысуына негізделген, біріккен қызметке мүшелік негізінде ерікті бірігуі. Кооперативке тек қана жеке тұлғалар қатысушы бола алады. Кооперативтен шығуда және үлесті келесі тұлғаға беруде қатысушылардың келісімі талап етіледі, жалақы мен пайданың бір бөлігі төленеді. Өндірістік кооперативте пайданы бөлу пай мөлшеріне емес, еңбекке қатысу мөлшеріне тәуелді болады. Егер де өндірістік кооперативте пайда бөлінбей, өндірісті дамыту үшін қалса, онда ол активтердің құнын ұлғайтады және тарату кезінде мүлік құнының құрамында бөлу жарғылық капиталға салымдар үлесі бойынша іске асырылады, сондықтан ӨК жарғылық капиталға аз үлес салған мүшелер бөлінетін пайда үлесін ұлғайтуға қызығушылық туғызады.

Мысалы есепті жылы ӨК таза пайдасы 1 000 000 теңгені құрады. Екі қатысушы жарғылық капиталға 10% және 90% салды, ал екеуінің еңбек салымы бірдей. Бөлінетін пайданың 20% үлесінде олар 100 000 теңге алады. Қалған пайда активтер құны мен олардың үлестерінің құнын ұлғайтады: бірінші қатысушыда - 80 000 теңгеге, ал екінші қатысушыда 720 000 теңгеге.

Өндірістік кооперативтерде біріккен еңбек және шаруашылық қызмет үшін бес мүшеден кем болмауы керек. Кооператив мүшелері кооператив міндеттемелері бойынша субсидиарлы жауапкершілікте болады.

Негізгі және айналым қорлары мүше-үлескерлердің мүшелікке кіру және пай жарналары мен шаруашылық қызметтен түскен пайда есебінен құрылатын кооперативті (біріккен) меншік болып табылады.

Кооперативтердің қаржы ресурстары өнімді, жұмыс пен қызметті өткізуден түскен түсімнен, амортизациялық аударымдардан, кооператив мүшелерінің, басқалай кәсіпорындар мен ұйымдардың пай жарналарынан, сонымен қатар несиелер мен

бағалы қағаздарды (акциялар) сатудан алынған қаражаттар есебінен қалыптасады.

Кооператив өзінің шарттары бойынша тек қана иеліктегі ақшалай қаражаттармен ғана емес, сонымен қатар негізгі қорларды қоса барлық мүліктерімен жауапты болады.

Экономиканың кооперативтік секторы бірыңғай халық шаруашылығы кешенінің бір тармағы болып табылады. Кооперация жүйесінде кооперативтердің негізгі екі типі қызмет етеді, олар: өндірістік және тұтынушылық. Өндірістік кооперативтер тауарлар, өнімдер, жұмыс өндірісін, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен азаматтарға ақылы қызметті іске асырады, ал тұтынушылық кооперативтер өзінің мүшелерінен басқа азаматтардың сауда және көтерме қызмет көрсетуге деген қажеттілігін қанағаттандырады. Қазақстан үшін ауылдық тұтынушылық кооперация ерекше орын алады. Ол болашақта 1999 жылы қабылданған «ҚР ауылдық тұтынушылық кооперация туралы» заң негізінде дамуы керек.

Заңды тұлға тіркеуден өткен кезден бастап құрылған деп есептеледі, ал қызметтің лицензияланатын түрлері лицензияны алған уақыттан бастап рұқсат етіледі. Тіркеу процесінде заңды тұлға мемлекеттік регистрге түседі. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға нысанынсыз тіркеледі. Лицензияның болмауы, мысалы, сақтандыру қызметіне мемлекеттік тіркеуден бас тартуға негіз болмайды, ал ҚР ҰБ рұқсатының болмауы банк ретінде тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады.

Тіркеу үшін арыз, жарғы, құрылтайшылар шарты, банк салығын төлегені туралы түбіртек, жарғылық капиталға депозит салғаны туралы құжат, статистикалық карта ұсынылады. Мемлекеттік кәсіпорындар үшін өкілетті органның кәсіпорынды құру туралы шешімі, оның орналасқан мекен-жайы туралы құжат; БК құрылтайшылары болып табылатын шетелдік заңды тұлғалар үшін - оның басқа елдің заңды тұлғасы болып табылатындығы туралы құжат; шетелдік жеке тұлға үшін төлқұжаттың қазақ немесе орыс тіліне аударылған көшірмесі керек. Филиалдар мен өкілдіктер басшыға сенімхат ұсынады. Филиалдар мен өкілдіктер жарғы негізінде емес, кәсіпорындар туралы ереже негізінде құрылады.

Заңды тұлғаны қайта тіркеу тек қана жарғылық капиталдың азаюында, атауын өзгерткенде, қатысушылар құрамын өзгерткенде (АҚ) ғана керек.

Заңды тұлғаны таратуды тіркеген кезде, арыз, құрылтайшылық құжаттардың түп нұсқалары, тарату туралы заң газетінде жариялануды растау, салықтар бойынша қарыздың жоқ екендігі туралы салық инспекциясынан анықтамасы, мөр мен штампты жою туралы анықтама, банктегі есеп шотты жабу туралы анықтама, банк салығын төлеу туралы түбіртек ұсынылады.

Шаруа фермер қожалығы (ШФҚ) - заңды тұлға, оның мүлкі мүшелеріне біріккен үлесті меншік құқығына тиесілі болады. Қожалықтан шығу кезінде оның мүшелері өз үлестерін ақшалай түрде алулары керек. Өндіріс құралдары бөлуге жатпайды. ШФҚ шаруашылық серіктестеріне және өндірістік кооперативке қайта құрылуы мүмкін.

Экономикада мемлекеттік сектор маңызды орын алады. Бұл секторда кәсіпорындардың келесі түрлері қызмет етеді:

Шаруашылықты жүргізу құқығына негізделген, бұл кәсіпорынның, мүлікті мемлекеттен меншік ретінде алған және иелену, пайдалану құқығы және осы мүлікті иелену заңдылығы шеңберінде жүзеге асыратын, мүлік құқығы болып табылады;

Жедел басқару құқығына негізделген (кәсіпорынның атауында қазынашылық деп көрсетілуі керек), ол кәсіпорынның, мүлікті меншік иесінен алатын және оны өз қызметінің мақсаттары мен меншік иесінің тапсырмаларына сәйкес пайдаланатын, мүлік құқығы болып табылады.

Мемлекеттік қазынашылық кәсіпорындар, тек қана мемлекеттік бюджеттен жұмыс көлемін қаржыландыру, мемлекеттік тапсырыс бойынша ғана жұмыс істейді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың тағайындалуы – қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерімен анықталатын, әлуметтік экономикалық тапсырмаларды шешу.

Мемлекеттік кәсіпорындар екі түрде болады: үкімет шешімен құрылатын республикалық және аймақ әкімінің шешімі бойынша құрылатын коммуналды кәсіпорындар. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі мемлекет есебінен қалыптасады, бөлінбейді.

Мемлекеттік кәсіпорындар мүлікті иеленеді, пайдаланады, бірақ меншік иесі болмайды - ол мемлекеттің меншігі болып қалады. Мемлекеттік кәсіпорының жарғылық қоры 10 000 АЕК кем болмауы керек. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өз мүлкімен жауапты болады және меншік иесінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті алмайды.

Шаруашылықты жүргізу құқығында құрылған мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттің қарыздары бойынша жауап бермейді, ал мемлекет кәсіпорын қарызы бойынша жауап бермейді. Ол меншік иесінің жазбаша келісімінсіз өз мүлкін иеленуге құқылы емес.

Жедел басқару құқығында жұмыс істейтін мемлекеттік кәсіпорын қарызы бойынша, мүліктің жетіспеушілігі жағадайында мемлекет (ҚР Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган) жауап береді. Ол меншік иесінің жазбаша келісімінсіз өз мүлкін иеленуге құқылы емес.

Мемлекеттік қызметкер қызмет ету уақытында өз мүлкін сенімгерлік басқаруға беруге міндетті.

Келесі заңды тұлғамен, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғамен құралған заңды тұлға еншілес болып табылады. Еншілес кәсіпорындардың мақсаттары негізгі кәсіпорынды ірілендіру, филиалдарды қайта құру, қосымша өндірісті құру болып табылады. Еншілес мемлекеттік кәсіпорындар үкімет немесе әкімнің және монополияға қарсы комитеттің шешімімен құрылады, екінші шаруашылықты жүргізу құқығында жұмыс істейді. Басты кәсіпорындар еншілес кәсіпорындардың қарыздары бойынша жауапкершілікті алады. Ал еншілес кәсіпорындар басты кәсіпорын қарызына жауапты болмайды. Басты заңды тұлға еншілес кәсіпорының жарғылық капиталына (дауысты акцияларды 50% -нан аса) басым қатысуды іске асырады, олармен шарттар жасайды және оның шешімін анықтайды, жарғылық капиталдағы салымына сәйкес пайданың бір бөлігін алады.

Тәуелді заңды тұлға болып тек қана кез келген заңды тұлғаның дауысты акциясының 20% -нан астамын оның жарғылық капиталына салған АҚ есептеледі.

Кәсіпорынды ұйымдастырудың құқықтық актілері көптеген анықсыздықтар мен қайшылықтарды қамтиды және одан әрі жетілдіруді талап етеді. Кәсіпкерлер кәсіпорындардың

ұйымдастыру-құқықтық нысандарын, олардың меншік түрі мен қарыздар бойынша жауапкершілігімен байланыстыра отырып, саналы түрде таңдауы керек.

Әртүрлі меншік нысаны мен ұйымдастыру-құқықтық нысандағы кәсіпорындар арасындағы бәсекелестік ғылым-техникалық прогресс жетістіктері мен қоғамдық өндіріс өзгерістерін қабылдағыш, динамикалық экономиканы құруға мүмкіндік береді. Әртүрлі шаруашылық субъектілерінің меншік нысандарының көп түрлі болуы өндіріске, бөлу процесстеріне, қаржы қатынастарына қатысатын халықтың әртүрлі жіктерінің мүдделерін сипаттайды.

Монополияға қарсы комитет халық шаруашылығында өндірісті ірілендіру және әртараптандыру есебінен параллель өндірістік құрылымдарды қалыптастырудың монополияға қарсы саясатын жүргізеді.

Мемлекет иелігінен алу – бұл мемлекеттік меншікті оның басқа нысандарына ауыстыру; жекешелендіру – мемлекеттік меншік объектілерін жеке меншікке сатып алу немесе акционерлендіру. Қазақстанда экономиканы мемлекет иелігінен алу мен меншікті жекешелендірудің келесі нысандары орын алды:

- нақты ақшаға көлік құралдарын, қоғамдық тамақтану (жүк және жолаушылар тасымалдау көліктері, асхана, кафе, мейрамханалар) және тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін сатып алу (шаштараз, дүкендер, химиялық тазалау) – шағын жекешелендіру;
- мемлекеттік кәсіпорынды акционерлік қоғамға қайта құру – акцияларды құжаттандырусыз эмиссия арқылы акционерлендіру. Мұнда акциялардың бір бөлігі жұмыс өтілі бойынша бөлінеді, ал бір бөлігі кәсіпорын жұмысшыларымен сатып алынады. Халыққа тегін берілген инвестициялық купондар инвестициялық және жекешелендіру қорларына тапсыруға, ал олар осы купондарға кәсіпорындардың акцияларын сатып алып, олардан дивиденд ала отырып, соңынан халыққа беруге арналған – бұл жаппай жекешелендіру.
- конкурс бойынша немесе аукционда ірі мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін, соңынан кәсіпорын экономикасына

инвестициялау және екі жылы аралығында шығарылатын өнім номенклатурасын сақтау шартымен сатып алу – бұл жеке жобалар бойынша жекешелендіру.

Қайта құру арқылы төлем қабілеттілікті қалпына келтіре алмаған кәсіпорын сот тәртібімен банкрот деп жарияланды және ҚР «Банкроттық туралы» заңында қарастырылған, арнайы белгіленген процедураларға сәйкес таратылды.

Жүргізілген шаралар экономиканы қаржылық сауықтандыруға, бірақ мемлекет үшін қаржылық ресурстарды жоғалтуға әкелді.

Ұйымдастыру-құқықтық нысандары бойынша шаруашылық субъектілерді шектеу, олардың қаржыларын ұйымдастырудағы айырмашылыққа әкеледі, олар: капиталды қалыптастыру, өндірістік-шаруашылық қызметті қаржыландыру, шаруашылық нәтижелерін бөлу.

Өндірістік шаруашылық субъектілерінің қаржы қорлары меншікті көздер (амортизациялық аударымдар таза кіріс), банк несиелері, бағалы қағаздарды шығарудан түскен қаражаттар есебінен құрылады. Мемлекеттік кәсіпорындардың қаражаттарының бұл көздері қажет болған жағдайларда бюджет пен бюджеттен тыс қорлардан ассигнациялармен, ал кооперативтерде – кооператив мүшелерінің пай жарналары есебінен толықтырылады.

Пай негізінде қызмет ететін шаруашылық субъектілері – шаруашылық серіктестіктерінің, кооперативтердің, біріккен кәсіпорындардың қаржысын ұйымдастыру, осындай кәсіпорындардың қаражаттарын қалыптастыру ерекшеліктері мен алынған кірісті одан әрі әрбір қатысушының мүліктегі үлесіне сәйкес бөлумен анықталады.

Кәсіпкерлік қызметті жүргізудің ең тиімді ұйымдастыру-құқықтық нысаны болып шетелдік фирмалардың қатысуымен біріккен кәсіпорындарды құру табылады.

Біріккен кәсіпорындар әрекеттегі заңнаманы сақтауы, жеке жо-спар, коммерциялық есеп, өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру негізінде жұмыс істеуі, жалпы жарғылық қорды, жеке балансты иеленуі керек.

Біріккен кәсіпорындар мүддесі отандық кәсіпорындардың да, шетелдік серіктестіктердің де мүдделерін сипаттауы керек.

ҚР «Шетелдік инвестициялар туралы» заңына сәйкес біріккен кәсіпорындар ҚР Шетелдік инвестициялар бойынша ұлттық агенттілігінде тіркеледі.



Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорынның өндірістік жүйесіндегі кәсіпорын қаржысының мәнін, мағынасы мен орнын ашыңыз.
2. Өзінің өндірістік қызметі процесінде кәсіпорын қандай қаржылық қатынастарға түседі.
3. Нарықтық экономика принциптерін атаңыз және оларға сипаттама беріңіз.
4. Кәсіпорын қаражаттарын жабу көздерінің сызбасын құрастырыңыз.
5. Қызмет түрлері бойынша кәсіпорынның кірістері мен шығыстарының сызбасын құрыңыз.
6. Кәсіпорынның ұйымдастыру-құқықтық нысандары түсінігін беріңіз.
7. Жеке кәсіпкерлік үшін жарғылық капиталды қалыптастырудың құқықтық негіздері мен механизмі туралы айтып беріңіз. Өз аймағыңыздағы осындай кәсіпорындар туралы айтыңыз.
8. Өндірістік кооперативтің жауапкершілігі шектелген және қосымша жауапкершілікті серіктестіктің, коммандитті серіктестіктің жарғылық капиталын қалыптастырудың құқықтық негіздері мен механизмдері туралы айтып беріңіз.
9. Акционерлік қоғамның, мемлекеттік кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастырудың құқықтық негіздері мен механизмдері туралы айтып беріңіз. Өз аймағыңыздағы осындай кәсіпорындар туралы айтыңыз.
10. Біріккен кәсіпорындардың жарғылық капиталын қалыптастырудың құқықтық негіздері мен механизмдері туралы айтып беріңіз. Өз аймағыңыздағы осындай кәсіпорындар туралы айтыңыз.